

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 202 қаулысы. Қазастан Республикасының Әділет министрілінде 2005 жылғы 26 қантарда тіркелді. Тіркеу N 3392. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 228 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысына ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1232 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің " Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспа басылымдарында 2000 жылғы 28 тамыз - 10 қазанда жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1671 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің " Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспа басылымдарында 2001 жылғы 5-18 қарашада жарияланған 2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 376 және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2457 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің " Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспа басылымдарында 2003 жылғы 11-24 тамызда жарияланған 2003 жылғы 25 шілдедегі N 234 қаулыларымен бекітілген өзгерістерімен бірге) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесінде:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

17, 18, 19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жаңа үлгідегі ақша белгілері айналысқа енгізілген күннен бастап Ұлттық Банктің филиалдары :

1) ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің сомаларын есепке алу үшін баланстық шоттардың тиісті субшоттары бойынша жеке шоттар ашады: "Ұлттық Банк бөлімшелерін толықтыру үшін дайындалған ұлттық валютаның банкноттары мен монеталары" 105 000, "Ұлттық Банк бөлімшелерінің қоймасындағы ұлттық валютаның тозған банкноттары және ақаулы (бүлінген) монеталары" 107 000, "Ұлттық Банк бөлімшелерін толықтыру үшін айналысқа шығарылғанға дейін дайындалған ұлттық валютаның банкноттары мен монеталары" 305 000, "Ұлттық Банк бөлімшелерінің қоймасындағы айналыстан алынған ұлттық валютаның тозған банкноттары және ақаулы (бүлінген) монеталары" 307 000 ;

2) "Ұлттық Банк бөлімшесінің кассасындағы ұлттық валютаның банкноттары мен монеталары" 101 000 баланстық шоттың тиісті субшоттары бойынша айналым кассасындағы жеке шотқа ескі үлгідегі ақша белгілерінің толық емес бумаларын есепке алады, мұндайда оларды айналым кассасы қалдығының лимитінен шығарады.

18. Жаңа және ескі үлгілердегі ақша белгілерінің айналыста қатар жұру кезеңі аяқталғаннан кейін ескі үлгідегі барлық ақша белгілері, оның ішінде айналым кассасындағы толық емес бумалар да Ұлттық Банктің тиісті баланстық шоттарының субшоттары бойынша жеке шотқа есептелуге тиіс.

19. Ұлттық Банктің филиалдарына түсken ескі үлгідегі ақша белгілері жаңа және ескі үлгілердегі ақша белгілерінің айналыста қатар жұру кезеңі аяқталғаннан кейін сол күні "Ұлттық Банк бөлімшесінің кассасындағы ұлттық валютаның банкноттары мен монеталары" 101 000 баланстық шоттың тиісті субшоттары бойынша Ұлттық Банктің айналым кассасындағы жеке шотқа есептелуге тиіс және сол күні "Ұлттық Банк бөлімшесінің қоймасындағы ұлттық валютаның тозған банкноттары және ақаулы (бүлінген) монеталары" 107 000

және "Ұлттық Банк бөлімшесінің қоймасындағы айналыстан алынған ұлттық валютаның тозған банкноттары және ақаулы (бұлінген) монеталары" 307 000 баланстық шоттар бойынша тиісті субшоттардың жеке шоттарына есептеледі.

20. Ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыстан алынуына қарай оларды жою Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Зан департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдастын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

Ұлттық

Банк

Төрағасы